

**6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі бойынша**  
**PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған**  
**Джолданова Динара Қанатовнаның**  
**"Шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың**  
**акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру"**  
**тақырыбындағы диссертациясына**

**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІСІНІҢ ПІКІРІ**

Педагог үшін даму – кәсіби қызмет пен жеке өмірінің барлық кезеңінде өтуге тұра келетін ұзақ мерзімді үдеріс екендігі айқын. Болашақ маманның кәсіби дамуының маңызды кезеңдері оның кәсіби дамуы, мансапты дамытуы және өздігінен білім алуы болып табылады. Шығармашыл педагогтің мансап құруы, өздігінен білім алуға деген талпынысы, қазіргі заманғы білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті болу мүмкіндігі – табысты педагог дамуының негізгі міндеттерінің бірі.

Қазіргі таңда педагогикалық қызмет білім беру жүйесінде, соның ішінде орта және жоғары білім беру жүйесінде тұрақты түрде болып жатқан соңғы өзгерістермен сипатталады. Бұл өзгерістер оку үдерісінде айқын көрініс табады, ал педагогтарға қойылатын тұрақсыз талаптар педагогтің ойлау қабілеті мен жетілдірілген өзгеріс сайын жаңа арнаға алып келуде. Бұғынға күні білім беру жүйесінің күйін саралау арқылы білім беру жүйесінің кейбір кемшіліктері анықталды, яғни оқушы әлеуметтік қоғамдағы өмірге толыққанды дайын болмайтынын көрсетті, бұл өз кезегінде мектеп түлегінің әлеуметтену процесіне теріс әсер етеді. Сол себепті, қазіргі заманғы педагогтің міндеті өмірдің әр түрлі салаларында бейімделуге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Оның ішінде осы маманның лидерлік қабілеттері өзекті міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, ізденуші зерттеу жұмысы аясында педагогтің лидерлік қабілеттерін, оның ішінде болашақ маманның академиялық лидерлілігін дамыту мәселесін қарастырады. Ол тұлғаның ең үздік жактарын ашуға бағытталуы тиіс болашақ педагогтің акмеологиялық құзыреттілігі мен мектептегі білім беру үдерісін тиімді жүзеге асыруға қажетті лидердің біліктіліктері мен дағдыларының, көшбасшылық қасиеттерінің дамуы арасындағы өзара байланысты көрсетуге тырыскан.

Акмеологиялық құзыреттілік пен болашақ маманның лидерлік қасиеттерін дамытудың тікелей түйіндестігі Қазақстанда 2017 жылы әзірленген және мұғалімнің тұлғалық және кәсіби құзыреттілігінің жиынтығы сипатталған «Педагогтің кәсіби стандартында» көрініс табады. Бұл құжатта «біліктілік деңгейі – қызметкердің дайындық және құзыреттілік деңгейіне қойылатын күрделілік, еңбек әрекеттерінің бейстандартылығы, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша ерекшеленетін талаптардың жиынтығы» деп көрсетілген педагогтің біліктіліктері «білімдер», «іскерліктер мен дағдылар», «тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер» сияқты көрсеткіштер бойынша бағаланады.

Осы тұрғыдан алып қараганда, Джолданова Динара Қанатовнаның «Шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациясының тақырыбы өте өзекті.

Диссидентант тақырыптың теориялық мазмұнын айқындау барысында алыс-жақын шетелдік және отандық ғалымдар еңбектерінің оку-тәрбие үдерісінде болашақ маманның акмеологиялық құзыреттіліктерін дамыту қажеттілігі, мүмкіндіктері мен жолдары жайлы, оны тиімді жүзеге асырудың әдіс – тәсілдері, дидактикалық-әдістемелік негіздері және оларды жетілдіру мәселелерін зерделеген. Ізденушінің зерттеу аясында отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен оку әдістемелік құралдарындағы «акмеологиялық құзыреттілік», «академиялық лидерлік», «лидерлік», пен «педагогикалық акмеология» ұғымдарының мәнін жан-жақты талдап, берілген анықтамаларын жүйелеп, осы ұғымдардың мазмұнын өзінің зерттеу проблемасының мақсатына орай тұжырымды пікірін білдіріп ғылыми-теориялық тұрғыдан мазмұндық сипаттама жасаған. Бұл зерттеудің теориялық мазмұнын толықтай ашады.

Диссидентант зерттеу барысында жоғары оку орындарында шеттілдік білім беруде студенттердің акмеологиялық құзыреттіліктерін дамыту арқылы олардың педагогикалық шеберліктерін нәтижелі ететін мүмкіндіктері мен тиімді жолдарын нақтылайды. Білім беру жүйесінің белсенді іс-әрекет субъектілері болашақ педагогтардың кәсіби маңызды лидерлік сапаларын дамыту арқылы жоғары оку орны қоғамға бастамышыл, белсенді, патриот жана буын ұрпағын мемлекеттің талабына сәйкес, рухани адамгешілік қасиеттері қалыптасқан педагог кадрларын дайындауға мүмкіндік береді.

Ізденуші Д.К.Джолданованың зерттеу мәселесіне байланысты құрған ЖОО жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру моделі үштілді білім беру аясында акмеологиялық құзыреттілікті қалыптастыру барысында болашақ педагог, ең алдымен, өзінің ішкі тұлғалық қасиеттерін өз бетімен өзгертуге дайын болу керектігін алға тартады және болашақ мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігінің қалыптасуына дербестік, жауапкершілік сияқты категориялар және кәсіби қызметті орындау барысында мотивацияның басым болуы осы өзіндік процестерді қосуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының нәтижелері педагогика ғылымы үшін маңызы бар. Өйткені, ғылыми еңбекте қазіргі заман талағына сай, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лидерлік сапаларын дамыту мәселесін ғылыми педагогикалық тұрғыда зерттеу еліміздің білім беру саясатының талағына сәйкес білікті мамандарды дайындаудың сапасын арттырудың маңызды қуралдарының бірі екендігі зерделенген. Ғылыми мәселені шешу барысында докторанттың қол жеткізген нәтижелері логикалық түрде құрылған ішкі біртұтастығымен ерекшеленіп, жасалған қорытындыларының негізділігі мен дәлелділігі оның бастапқы көзқарастарының теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделуімен,

зерттеудің нақты нәтижелерінің дәлелденуімен қамтамасыз етіледі.  
Зерттеудің қорытындысы ғылыми тұрғыда дәлелді көрсетілген.

Д.Қ.Джолданованаң ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық, республикалық, ғылыми-практикалық конференциялар мен әр түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген 9 еңбекінде қамтылып, Қазақстан Республикасынан Жоғары аттестациялау Комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда, Скопус базасына енген нөльдік емес импакт факторлы журналда жарық көрген. Атап айтқанда, Скопус базасына енген 1 ғылыми журналында, ҚР жоғары аттестаттау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда З мақала, Халықаралық конференция материалдарында З мақала, 1 оку -әдістемелік құралы жарық көрген.

Автор зерттеу жұмысы бойынша алдына қойған мақсаты мен міндеттерінің шешімін таба отыра, ұсынылып отырған зерттеу жұмысында бүгінгі күннің талабына сай теориялық және практикалық мәні бар ғылыми проблеманың шешімін тапқан.

Докторант Джолданова Динара Қанатовнаның «Шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық күзыреттілігін қалыптастыру» атты PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық еңбекінде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы ережесінің» талаптарына толық сәйкес келеді.

Ғылыми жетекші, PhD

Е.А.Бокетов атындағы

Қарағанды университетінің

«Шетел тілінен даярлаудың теориясы  
мен әдістемесі» кафедрының меңгерушісі

Г.Б. Саржанова

